ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «ҚАЛАЛЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ГОРОДСКОЙ ОТДЕЛ ЗАНЯТОСТИ И СОЦИАЛЬНЫХ ПРОГРАММ» АКИМАТА ГОРОДА КЫЗЫЛОРДА

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

«09» 06 2025 ж./г. № 45-п

Қызылорда қаласы город Кызылорда

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңының 10-бабы, 16-бабы, «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген қағидасына, «Зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мемлекеттік монополияға жатқызылған «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы өндіретін және (немесе) өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2024 жылғы 12 шілдедегі №422/НҚ бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қызылорда қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне атаулы әлеуметтік көмек көрсету бойынша әлеуметтік қамсыздандыру қызметін бір көзден сатып алу тәсілімен электронды мемлекеттік сатып алу өткізілсін.

2. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру қызметін үйлестіру жөніндегі орталық филиалына бір көзден сатып алу тәсілі бойынша атаулы әлеуметтік көмек көрсету бойынша әлеуметтік қамсыздандыру қызметі сатып алынсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің әлеуметтік бағдарламалар секторының меңгерушісі М.Нұрмахановаға және бас маман Қ.Бекеноваға жүктелсін.

Бөлім басшысы **К.Құрақбаева**

Таныстырылды _____ *М.Нұрмаханова*

Қ.Бекенова